



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Португалия Президенті Марселу Нуну Дуарте Ребелу де Соузаға құттықтау жеделхатын жолдап, барша португал халқын осы елдің ұлттық мерекесі – Португалия күнімен құттықтады.



– Ғасырлар бойы қалыптасқан терең тарих пен бай мәдени мұраға сүйене отырып, бүгінде Португалия өзі-

нің орнықты даму, халқының әл-ауқатын жақсарту және халықаралық аренадағы беделін арттыру жолында

елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Осы тұста Отаныңыз әрі қарай қарыштап өркендеуіне, мерейінің әрқашан үстем болуына тілектеспін. Астана мен Лиссабон арасындағы достық қарым-қатынастар алдағы уақытта елдеріміздің игілігі үшін ұдайы дами беретініне сенімдімін, – деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Марселу Нуну Дуарте Ребелуде Соузаға зор денсаулық, оның аса жауапты қызметіне толағай табыс, ал достас португал халқына құт-береке тіледі.



ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БЫҚПАЛДАСТЫҚ НЫҒАЯДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конго Республикасы Президентінің стратегиялық мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жеке өкілі Франсуаза Жолиді қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Франсуаза Жолиге ілтипат білдіре отырып, оның бұл сапары Қазақстан мен Конго Республикасы арасындағы өзара тиімді байланыстарды дамытуға деген шынайы ниеттің белгісі саналатынын атап өтті.

Мемлекет басшысы биыл елдеріміз дипломатиялық қатынастардың 25 жылдығын атап өтетініне тоқталып, Конго Республикасымен ықпалдастықты нығайтуға дайын екенін айтты.

Өз кезегінде Франсуаза Жолі құрмет көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс білдіріп, Президент Дени Сассу-Нгессонның ізгі тілегін жеткізді.


Кездесуде Конго Республикасы Президентінің Қазақстанға жасайтын алдағы сапарына қатысты мәселелер, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықтың перспективті бағыттары талқыланды.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістанның Премьер-министрі Нарендра Модиді Үндістан Республикасының Премьер-министрі болып қайта сайлануымен құттықтады.

Мемлекет басшысы осындай аса жоғары лауазымға қайта сайлану Нарендра Модидің көреген саясатына деген Үндістан халқының берік сенімі мен қолдауының дәлелі екенін атап өтті.

– Сіздің дана басшылығыңызбен Үндістан экономикасы ең жылдам дамып келе жатқан елдердің бірі ретінде өзінің таңғаларлық жолын жалғастырып, жаңа жетістіктерге жететініне сенімдімін. Қазақстан Үндістанмен арадағы ұзақ жылғы стратегиялық серіктестікті жоғары бағалайды. Екі ел ынтымақтастығы халықтары-



мыздың берік достығына, ортақ құндылықтарға және тығыз қарым-қатынасқа негізделген, – деп жазылған жеделхатта.

Қасым-Жомарт Тоқаев Нарендра Модидің барлық игі бастамасына табыс, ал достас Үндістан халқына бақ-береке тіледі.

Өңірлік қауіпсіздікті арттыру қажет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Бас хатшысы Иманғали Тасмағамбетовті қабылдады.

Кездесуде Ұйымның Қазақстан төрағалығы кезеңіндегі негізгі міндеттерін жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ-ның жарғылық жұмысында Ұйымға мүше барлық мемлекет үшін анағұрлым өзекті әрі сұранысқа ие бағыттарға назар аудару қажет екенін атап өтті. Оның пікірінше, терроризм, есірткі мен қарудың заңсыз айналымы, ақпараттық саладағы қылмыс секілді сын-кәтерлерге қарсы күрес мәселесіне айрықша мән берген жөн.

Сонымен қатар Президент өңірлік қауіпсіздікті нығайту мақсатында басқа да халықаралық құрылымдармен конструктивті ынтымақтастықты жолға қою маңызды екенін айтты.

Иманғали Тасмағамбетов ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің былтыр қараша айында өткен сессиясында Қазақстанның бастамасымен қабылданған ішаралар жоспарының орындалу барысы жөнінде мәлімет берді.

Сонымен қатар кездесуде ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына және еліміздің аумағында өтетін оқу-жаттығу жиындарына дайындық мәселесі қарастырылды.



ТУРИЗМ ТОҚЫРАМАСЫН ДЕСЕК...

Қазақстанда туристік маусым басталды. Биылғы маусым күрделі болғалы тұр. Тасқын барысында біраз туристік базаны су басып қалды. Оларға апаратын жолдарды су шайды. Өзен-көлдер ернеуінен шыға тасып, көптеген абаттандырылған жағажай жарамсыз жағдайға жеткен. Дегенмен мемлекеттің қолдауымен қалпына келтіру жұмыстары қызу жүргізілген туристік нысандардың алғашқы келушілерін қабылдауға қауқары жетті.

ТУРИСТЕРДЕН МИЛЛИАРДТАП ТАБЫС ТАПТЫ

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2023 жылы Қазақстанға шетелден жалпы саны

9 миллион 204,2 мың қонақ келген. Қонақ дейтініміз, соның ішінде 1 миллион 84,8 мыңы ғана қонақүйлерге, туристік базаларға, курорттар мен санаторийлерге тоқтапты.

(Жалғасы 4-бетте)



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ЖАТАҚХАНАЛАР ДАЙЫН БА?

2020 жылы Мемлекет басшысы бес жылда 90 мың орындық жатақхана салуды тапсырған болатын. Төрт жыл өте шықты. Нәтиже қандай?



5 БЕТ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДӘРІПТЕЙТІН ЖОБА

Елімізде дәстүрлі «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға өтінімдер қабылдау басталды. Астана әкімдігінің қолдауымен өтетін қалалық кезеңге құжат қабылдау 15 маусымға дейін жалғасады.



8 БЕТ



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ROAD-ЭСТАФЕТАСЫ БАСТАЛДЫ



«АМАНАТ» партиясы ауқымды экологиялық акция – «Таза Қазақстан» road-эстафетасын бастады. Осы аптада партияның жүздеген белсендісі мен «Жастар Рухы» жастар қанатының волонтерлері «Астана – Алматы» тасжолы бойының аумағын тазартады.

Іс-шараға «АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, Қазақстанның қайталама шикізатты қайта өңдеушілер қауымдастығының басқарма төрағасы Батырбек Әубәкіров және Мәжіліс депутаттары қатысты. Road-эстафета «Жасыл даму» АҚ және «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ қолдауымен өтуде.

Акция аясында белсенділер мен волонтерлер жол бойында, сондай-ақ жолға іргелес автоурақтар мен кемпингтер аумағында тазалық жұмысын жүргізеді. Тазалық жұмысы квадрокоптерлерді пайдалана отырып, әуеден барлау деректері негізінде жүзеге асырылады. Жиналған қоқыс полигондарға жеткізіледі.

«Таза Қазақстан» өзімізден басталады. Елімізден алдымен өз отандастарымыз үшін таза әрі жайлы болуы керек. Сондықтан Мемлекет басшысы бұл мәселені жалпыұлттық деңгейге көтерді. Тазалық пен тәртіп – өмір сүру нормасына айналды.

луға тиіс. «Таза Қазақстан» road-эстафетасы тасжолдардағы қоқыс мәселесін шешіп қана қоймай, қоғамды біріктіреді, экологиялық мәдениет пен сана қалыптастырады», – деді «АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек.

7 күнде партия белсенділері мен «Жастар Рухы» жастар қанатының волонтерлері Ақмола, Қарағанды, Жамбыл және Алматы облыстары арқылы өтетін ұзындығы 1 200 шақырымнан астам тасжолды тазалайды.

Іс-шараға «1 команда – 1 облыс» қағидаты бойынша құрылған командалар қатысады. Командалардың құрамына Мәжіліс және мәслихат депутаттары кіреді. Сондай-ақ олар ірі елді мекендерде жастар қауымымен жүздесіп, азаматтармен қоғамдық қабылдау өткізеді. Road-эстафетаның жабылу салтанаты Қонаев қаласында ұйымдастырылады.

Еске сала кетейік, бұған дейін «АМАНАТ» партиясы Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастама-



сы аясында әр апта сайын өткізілетін «Таза бейсенбі» экологиялық акциясын бастаған болатын. Елді мекендердегі ластанған аумақтардың картасы әзірленді. Соның негізінде еліміздегі жол бойындағы аумақтардан, өнеркәсіптік аймақтардан, тұрғын аудандардан, әлеуметтік нысандардан және басқа да көптеген аумақтан 475 учаске анықталды.

Айта кетейік, су тасқынының қауіпті кезені аяқталғаннан кейін «АМАНАТ» партиясының 4 мыңға жуық белсендісі мен «Жастар Рухы» жастар қанатының волонтерлері қарғын судан зардап шеккен тұрғындардың баспанасын ретке келтіруге көмектесті. Еліміздің барлық өңіріндегі барша партиялықтар саябақтарды, скверлерді, аулаларды тазартып, тарихи-мәдени және табиғи ескерткіштерді тазалауда. Сондай-ақ сенбілікке шығып, ағаш егеді және өзге де іс-шараларды ұйымдастырады. Мәселен, 27 сәуірде, яғни небәрі бір күнде ел аумағында партиялықтар 55 мың түп ағаш екті.

Сондай-ақ экологиялық мәселелерді шешу – «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылған маңызды басымдықтың бірі. Сайлауалды уәделерді жүйелі жүзеге асыру жұмысы

аясында былтыр мемлекеттік орман қоры аумағына 302,7 млн түп ағаш егілді. Сонымен қатар 39 ірі өнеркәсіптік кәсіпорында ауаны ластауын бақылайтын автоматтандырылған жүйе орнатылды.

2027 жылға қарай партияның сайлауалды бағдарламасы аясында тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін 36%-ға дейін

ұлғайту, Жайық өзенінің эокүйесін қалпына келтіру, Балқаш көліне тұрақты су ағынын қамтамасыз ету, ауа сапасының индексі енгізу, ластанған елді мекенде кәсіпорынның ауаны ластау нормативтерін 40%-ға дейін төмендету, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған 16 су қоймасын қайта жанарту және жаңадан 14 су қоймасын тұрғызу жоспарлануда.



Суретті түсірген: Әли Ғалым

БАЙҒАНИН АУДАНЫНДА ИГІ ІС КӨП

Биыл Ақтөбе облысы Байғанин ауданында «АМАНАТ» партиясының Жол картасы бойынша 47 іс-шара жүргізіліп, «Ауыл аманаты» жобасы аясында 55 жоба іске асырылуда.



Партияның Ақтөбе облыстық филиалы төрағасы Ербол Данағұлов, облыстық мәслихаттың фракция мүшесі Естай Сисенбаевпен бірге Байғанин ауданында барып, атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.

Байғанин ауданына қарасты Қарауыл-келді ауылында екі қабатты коммуналдық тұрғын үйлердің құрылысын «Аймар-СтройСервис» ЖШС былтыр мамырда бастаған болатын. Құрылыс материалдарының қымбаттауына байланысты жо-

балық-сметалық құжаттамасына өзгеріс енгізілген. Түзетулерге сәйкес өткен айда қажетті қаражат бөлініп, құрылыс жұмыстары қайтадан қарқын алған. Құрылысты осы жылдың тамыз айының соңында толық аяқтау көзделіп отыр. Байғанин ауданында Жол картасы бойынша биыл 47 іс-шара жүзеге асырылу үстінде. Сонымен қатар ауданда «Ауыл аманаты» жобасы қарқынды түрде жүріп жатқан көрінеді. Тіпті, мемлекеттен шағын несиені алып ісін дөңгелетіп отырғандар бар. Солардың бірі – ауыл тұрғыны Манаргүл Мұқанова. Манаргүл былтыр жартылай фабрикалар өндірісі бойынша мемлекеттен 6 900 000 теңге көлемінде жеңілдетілген несиені алған. Қазір аудан орталығынан «Айша» тұшпараханасын ашып, кәсібін дөңгелетіп отыр. Бүгінде кәсіпкер өзінен бөлек, ауылда 3 адамды жұмыспен қамтыған.

ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ

«АМАНАТ» партиясының Жамбыл облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Кедергісіз келешек» жобасы аясында ерекше қажеттілігі бар жандардың қолөнер бұйымдарының жәрмеңкесі өтті.



Шараға қатысушы ерекше қажеттілігі бар жандар ерекше белсенділікпен қатысты. Қолдары алтын көңілдері шат

жандардың қолынан шыққан дүниелер шынымен де ерекше. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар өздерінің жасаған

бұйымдарын көпшілікке көрсетіп қана қоймай, өз қолдарынан шыққан туындыларын сатуға да мүмкіндік алды.

«Мен мұндай жәрмеңкенің болатынын кездейсоқ естіп қалдым да, өзге шаруаны қойып арнайы келдім. Бәрі керемет. Тіпті, денсаулығында кінәраты бар жандардың епті қолдарының ерекшелігіне таң қалдым. Өшекей тастармен тізбектеп жасаған қол сөмкелер маған қатты ұнады. Тіпті, мін жоқ десем болады. Кез келген жерге ұстап барсаң, өзгелердің ықыласы ауатыны анық. Өзіме ұнаған соң сатып алдым», – дейді жәрмеңкеге келген Нұргүл Басымова.

«АМАНАТ» партиясы мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолдау көрсете отырып, қоғамды мейірімділікке, теңдікке, өзара құрметке бөлеуге шақырды. Сондай-ақ жәрмеңке барысында облыстық, қалалық, аудандық мәслихат депутаттары мен өңірдегі қоғамдық бірлестік өкілдері, тұрғындар ерекше қажеттілігі бар жандардың қолөнер бұйымдарын сатып алды. Жалпы, жәрмеңке барысында 800 мың теңгенің қолөнер бұйымдары сатылғаны белгілі болды.

КОМПАНИЯ СЕНСОРЛЫ ЖЫЛУ ҚҰБЫРЫН ОРНАТУҒА ДАЙЫН

«АМАНАТ» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясы жылу құбырларына жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарымен танысты.



Мониторинг жүргізуге барған депутаттарға тұрғындар жерасты құбырларын ауыстыру кезінде жасыл желектерге зиян тиіп жатқанын айтып, өзгеше амал қарастыру кергін айтты.

Мердігер мекеме өкілдері «Бір тал кессең, он тал ек» деген аталы сөздің барын айтып, барлық келенсіздікті болдырмаудың тың тәсілін ойлап жатқандықтарын айтты. Құбыр жүйелері ауыстырылып қана қоймай, заман ағымына сай цифрландырудың озық үлгісі болады деп сендірді мердігерлер. Айтуларына, ақылды технологияның көмегіне сүйене отырып, трубалардың бойында арнайы жылу температурасы

мен апатты жағдайдың болу ықтималдығы сенсорлы такталар арқылы толық көрсетіліп отырмақ. Осы арқылы тесілген, су кеткен аймақтарды уақытылы көріп, шеберлер келе аламыз. Енді бұрынғыдай жерді қазып, қарап болғанын анықтау деген жайбасарлық болмайды екен. Мына ақпараттарға қарап, міне жаңашылдық деп таңырқадық. Алайда бұл үшін компанияға бір жылға 23 млрд қаржы керек. Партиялық бақылау комиссиясы жобаның тиімділігін айтып, әкімдікпен жобаны қаржыландыру бойынша ақылдаспақ. Айта кету керек, жөндеу жұмыстары кезінде ауысу тоқтатылмайды екен.

